

«Жарық негізгі орта мектебі» КММ-де 2023-2024 оқу жылында өткізілген іс-шаралары

Қыркүйек айында детектив жанрының дарабозы Кемел Тоқаевтың туғанына 100жыл толуына орай, Жарық негізгі орта мектебінде кітапханасында «Өнегелі өмір» атты ғұмыр тарих библиографиялық шолу өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға детектив жанрының көшбасшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Кемел Тоқаев туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру. Тұлғаның қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбегі туралы білімдерін толықтыра түсу. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.



Қазан айында «Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері Бұқар жыраудың туғанына-330 жыл» атты тарих сағаты өтті.

Мақсаты: Бұқар жырау Қалқаманұлы туралы білімдерін кеңейту. Жыраудың өмір баянымен танысып, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім ғылымға құмарлығын арттыру. Халқымыздың асыл перзенті-Бұқар жырау Қалқаманұлы туғанына 330 жыл толуына байланысты 5-9 сынып оқушыларына тарих сағаты ұйымдастырылды.



Партизан- жазушы Қасым Қайсеновтың 105жылдығына арналған «Ел рухын көтерген ер» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға көрнекі жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, халқымыздың қайталанбас біртуар даңқты перзенті Қасым Қайсеновтың өмірбаяны, шығармашылығы туралы мағлұмат беру.



Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 100жыл толуына орай, Жарық негізгі орта мектебінде кітапханада «Бала деп соққан бауырмал жүрек» атты әдеби кеш өткізілді.

Мақсаты: Мұзафар Әлімбаев туралы білімдерін кеңейту, балаларға арналған шығармалары, олардың жазылу тарихымен таныстыру. Мұзафар Әлімбаевтың «балалар ақыны» екенін таныту.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында күзгі демалыс кезінде «күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбымен 1-4 сынып оқушылары кітап оқып, ұнамды кейіпкерінің суретін салып каникул уақытында ата-анасына жақсы көңіл -күй сыйлайды.

Мақсаты: Оқушыларды әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Отбасыларында қызықты, көңілді, ағартушылық немесе қызық оқиғаны оқып,талқылап ата-анасымен бірге өткізген уақыттың маңызын түсіну.



«Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама - Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл» атты тарих сағаты 4-8 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қожа Ахмет Ясауи туралы мағлұмат алады, оның шығармашылығымен танысады. Тақырып мазмұны бойынша оның шығармашылығын өмірмен байланыстырады.


Оқушылар ғұлама туралы өз ойларын айтты.



Сәкен Сейфуллинге 130 жыл «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты электронды кітап көрмесі жоғары сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

Мақсаты: Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси - қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Оқушылардың электронды QR-кодтың көмегімен, оларды сканерлеп кітаптарды ашып, мазмұнымен таныстыру.


Оқушылар ақын туралы өз ойларын айтты, оқыған шығармалары мен өлеңдерімен бөлісті.



9 ақпан Ақиық ақын, қазақтың "Мұзбалағы" атанған ақыны - Мұқағали Мақатаевтың "Әрбір өлең - бір әлем" атты әдеби сазды кеші мен кітаптар көрмесі жоғары сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

Мақсаты: Поэзия сүйер қауымға бүгін атаулы мейрам, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Барша қазақ ақынның өлеңін оқып, әнін жырлауда. Оқушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, "Жетімдер", "Жоқ, дәрігер" өлеңдеріне сахналық көрініс қойды.

Оқушылар ақын туралы өз ойларын айтты, оқыған шығармалары мен өлеңдерімен бөлісті.





Бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен «Ертегілер еліне саяхат» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылды, оқушыларға ертегілерден үзінділер көрсетілді.

Мақсаты: Оқушыларға халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту. Оқушыларды ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа тәрбиелеу. Оқушылардың электронды QR-кодтың көмегімен, оларды сканерлеп кітаптарды ашып, ертегілер мазмұнымен таныстыру.

Оқушылар ертегілерді тыңдап, өздері бұрын оқыған сүйікті ертегілері туралы айтып берді.



1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Алғыс айту- парызым» әңгімесі оқушылар арасында жүргізілді. Оқушылар ұстаздарға өз алғыстарын білдірді.

Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту. Оқушыларды ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру; үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту; әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген “Тоғыз айға 9 іс-шара” тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Республикалық ғылыми педагогикалық кітапханасы “Оқуға құштар мектеп” республикалық челленджін ұйымдастырып Халық қаһарманы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстандық жазушы Қасым Қайсеновтың “Жау тылындағы бала” повестін 9-сынып оқушысы Мұсқали Сабыржан және 7-сынып оқушылары Бауржанқызы Гүлхан, Айдарова Әсел өздері оқып, оқырмандарға осы кітапты оқуға ұсынып отыр.

Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту. Барлықтарыңызды кітап оқуға шақырамыз. Оқушылар бос уақытында кітап оқып, оқыған кітаптары туралы айтады.

